

**Қазақ Ұлттық Аграрлық
Университеті**
“Биологиялық қауіпсіздік” кафедрасы
“Паразитология және Инвазиялық аурулар” пәні

**Тақырыбы: Күйістілердің эуритремозын балау, емдеу және
алдын алу шаралары**

**Орындаған : Байсеитова Алия
Вм 401 топ**

Тексерген: б.ғ.к. п.м.а. Ахметова Гульнази

Жоспар


- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Морфологиясы
- Биологиясы
- Ауруды диагностикалау
- Емі
- Алдын-алу шаралары
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиет

Кіріспе

- **Сорғыш құрттар** – жануарларда, соның ішінде ауыл шаруашылық малдарда және адамда жиі кездесетін трематодоздар ауруларының қоздырғыштары. Әлемде сорғыш құрттардың 4 мың түрі бар екендігі белгілі. Мұның барлығы дерлік эндопаразиттер – ішкі тоғышарлар. Олар бауыр, өкпе, бүйрек, ішкі қуыстарды, соның ішінде қан айналу жүйесін және т.б жануарлардың ішкі ағзаларында мекендейді де, алуан түрлі ауруларды қоздырады.



Рис. 15. Морфология *F. hepatica*



- **Эуритремоз** - қой мен ешкі, мүйізді ірі қара мал, түйе, бұғы және басқа да көптеген мал түрінің ұйқы бездерінің зақымдануымен, ас қорыту жүйесінің бұзылуымен, малдың өте қатты арықтауымен сипатталатын гельминтоз, яғни трематодоз ауруы.



- Жіктелуі:
- Тұқымдасы: *Dicrocoeliidae*
- Туысы: *Eurytrema*
- Түрі: *E. pancreaticum*

Морфологиясы




- Эуритреманың денесі ашық қызыл түсті, ұзындығы 13-18 мм, ені 5-8 мм. Сопақша келген құрт, дене бітімі сәл жуандау. Дөңгеленген ауыз емізгі құрсақ сорғышынан екі есе үлкен және денесінің сыртына шығыңқырап тұрады. Шеттері иректелген екі ені көбіне сорғыштың екі жақ қапталында орналасқан, ал ұрғашы жыныс мүшелері орта шеніне орныққан.

БИОЛОГИЯСЫ:

- Биогельминт, триксендық сорғыш құрт, үш иесі болу керек, үш иесінің қатынасуымен өсіп жетіледі.





- Мал нәжісімен құрттың жұмыртқасы сыртқа шығады.
- Оларды ұлулар жұтады. Аралық иесінің денесінде мирацидийден спороцисталар, редиялар және церкарийлер дамиды.
- Сыртқы ортаға ұлудың тыныс жолы арқылы шыққан церкарийлерді қосымша аралық иелері - шегірткелер жұтып қояды.
- Олардың денесінде екі айдай мерзімде залалдандырғыш балаң сатысы - метацеркарийлер пайда болады.
- Мал шөппен қоса осындай шегірткелерді жеп қойған кезде мал эуритремозға шалдығады.






Fig.23. *Eurytrema* spp. necessitam dois hospedeiros intermediários para completar seu ciclo. No Brasil eles são o caramujo (*Bradybaena similaris*) e os gafanhotos do gênero *Conocephalus*. Os ovos são eliminados nas fezes e ingeridos pelo primeiro hospedeiro intermediário (*B. similaris*) onde duas gerações de esporocistos são formadas. Cerca de cinco meses após a infecção, a segunda geração de esporocistos produz cercárias que são liberadas na pastagem apenas algumas horas antes do amanhecer. As cercárias são então ingeridas pelo segundo hospedeiro intermediário (*Conocephalus* sp.). O bovino se infecta pela ingestão acidental de gafanhotos contaminados. As metacercárias se encontram no duodeno, migram para o pâncreas via ductos pancreáticos acessórios e se distribuem pelos ductos pancreáticos tributários. A infestação dos ductos pancreáticos por *Eurytrema* spp. causa pancreatite intersticial crônica.

Диагностикалау:

- **1.Эпизоотологиялық деректер.**
- Эуритремоз аралық және қосымша иелер қатар кездесетін аймақтарда ғана тараған. Қазақстанда оңтүстік, оңтүстік-шығыста, яғни Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында кең тараған, әсіресе таулы және тау бөктеріндегі ауылдарда жиі байқалады. Жоғарыда аталған малдың ішінде әсіресе мүйізді ірі қара жиірек осы ауруға шалдығады. Бұл дерт барлық жастағы түлікте кездеседі, бірақ эуритремалар мал денесінде бірнеше жыл тіршілік ететін болғандықтан, оның саны жыл сайын күрт көбейіп отырады. Мал эуритремозға жайылым маусымында негізінен алғанда жаз және күз айларында шалдығады, қыста бұл аурудан шығын байқалады.







- **2. Клиникалық белгілері.**
- Ұйқы безінің қызметінің бұзылуына байланысты эуритре мозға шалдыққан малдың ас қорыту жүйесінің қызметі, әр түрлі зат алмасу процестері нашарлайды. Сырт белгілері айқын емес, дерт созылмалы түрде өтеді. Мал арықтайды, іші өтеді, денесінде ісік пайда болады. Қатты арықтағандықтан (кахексиядан) кейде мал өледі

3. Зертханалық әдістер

- Малдың нәжісін гельминтоовоскопиялық әдістермен тексеріп, зуритреманың жұмыртқасын тапса ауру анықталады. Қолданылатын зертханалық әдістер: 1. Шөгеру (тұндыру) әдісі. 2. Демидовтың әдісі. 3. Вишняускастың әдісі.





- **Эуритрема жұмыртқасы** – майда (0,36-0,44 мм), қою-қоңыр түсті, ішінде жетілген ұрығы – мирацидий бар, бір шетінде қақпақшасы, екінші шетінде денешесі бар. Оны дикроцелий жұмыртқасынан ажырата білу керек, себебі олар бір-біріне өте ұқсас келеді.



Өлекседегі өзгерістер.

- Зақымдалған ұйқы бездің көлемі сәл ұлғайған. Оны тіліп жібергенде, ішінен көптеген ақ-қызыл түсті тоғышарлар көзге шалынады. Өлексе арық, ісіңкі болады.




Fig.24. Marcada atrofia de pâncreas de bovino na euritrematose pancreática. Os ductos estão espessados, e repletos de exemplares de *Eurytrema*. As partes brancas correspondem a fibrose, as partes escuras a aglomerados de trematóides.





Fig.25. Histopatologia do pâncreas de bovino na euritrematose pancreática. Ovos ovais, refringentes e escuros de *Eurytrema radiatum* são vistos em meio à fibrose e reação inflamatória granulomatosa. Há considerável perda de parênquima pancreático. HE, obj.40x.




Емі:

- Эуритремозға шалдыққан малды емдеу мәселесі әзір толық шешілген жоқ.
- Қолданатын дәрілер:
 1. Гексахлорпаракилол – 0,5 г/кг есебінде 2-3 қайтара, жемге қосып әр малға жекелей немесе топтау әдісімен береді.

Алдын-ала сақтандыру шаралары:

- 1. Алдын - ала сақтандыру дегельминтизация жылына екі рет жасалады: біріншісі – қыста немесе мал жайылымға шығардан 10-15 күн бұрын ерте көктемде, екіншісі – күзде немесе жаздың аяғында жасалынады.
- 2. Жайылымның бұталар өскен сай - жыралары бар жерлерді жыртып, ол жерлерге екпе шөп өсіру арқылы дикроцелийдің аралық иелерімен күресу де тиімді болмақ.



Қорытынды

- Гельминтология биологияның ең көне пәні, тоғышарлық күнелтетін құрттар туралы көне әдебиеттерде мәліметтер келтірілген. Мысалы, Эберс, Гиппократ, Аристотель өздерінің еңбектерінде гельминттер туралы жазған. Бірақ, ғылыми түрде гельминтология XVIII –ші ғасырдың екінші жартысынан дами бастады. Петербургтағы академик П.С.Паллас құрттардың өзінен-өзі пайда болатын теорияға қарсы мәліметтерді келтірді.
- Гельминттер малдың, адамның бауыры мен ұйқы бездерінде, асқорыту жүйесінде, қан тамырларында, құстың ащы ішегінде, аналық ұрық түтігінде т.б. мүшелерінде мекендеп, тоғышарлық тіршілік етеді.

Пайдаланған әдебиет

- Г.С.Шабдарбаева Ш 13 Ветеринариялық гельминтология: Оқу құралы. – Алматы: «Агроуниверситет» баспасы, 2007. – 194 бет.
- «Паразиты –вон!: Избавление от глистов , лямблий, червей.»авторы: Медведев Б.А. Феникс -2006, 124 бет.
- «Паразиты мозга» Авторы : Сергей Преображенский . «Паразиты и их хозяева:Свищева.Т.
- «Ветеринария и медицинская паразитология» авторы: А.И.Ятусевич, И.В. Расковская, В.М. Каплич.2001 жылы басылып шыққан. 316 бет.
 - «Медицинская паразитология» Автор:БарышниковЕ. Н.144бет.
 - «Медицинская паразитология» Авторы: Д.Е.Генис.

Видео роликтер



Fork-tailed cercariae
and sporocyst

From Field Parasitology
course at Cedar Point
Biological Station (CPBS)
University of Nebraska-Lincoln

